

Шал ақын ауданы мәслихатының шешімін күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақына аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 36/15 шешімі

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабы 2 тармағы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. ""Шал ақын ауданы бойынша жер салығының базалық төлемақысын түзету туралы" Шал ақын ауданы мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 20/10 шешімінің күші жойылды деп саналсын (2010 жылғы 1 ақпандағы мемлекеттік тіркеу реестрінде № 13-14-93 тіркелген, "Парыз" газетінің 2010 жылғы 19 ақпандағы, "Новатор" газетінің 2010 жылғы 12 ақпандағы нөмірлерінде жарияланған).

2. Шешімнің көшірмесі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестріндегі сәйкес жазбаларға енгізу үшін Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментіне жолдансын.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының Қ. Сактанов
XXXVI сессиясының төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының Н. Дятлов
хатшысы